



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 09/653

28 февраля 2020 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл

АБАЙ – ҰЛТТЫҢ ҰСТАЗЫ

Ұлт ақыл-ойының биігінде тұрған хакім 29-қарасөзінде «...Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген – ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

...«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызыр сұмдығын қостағалы айтқаны» демеі ме» дейді. Көз алдыңызға не елестеді? Ғасыр алмасса да етекбасты ескіліктен арыла алмаған қазіргі қоғамның суреті ғой мынау! Абайдың тағылымы біздің адами болмысымыздың, таным-түсінігіміздің «диагнозы» іспетті дейтініміз де осыдан ғой.

ларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөңдеймін деуге, жөңделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді» дейді. Бұл Абайдың аузымен айтылған ұлттың ең бір өзекті мәселесі дер едік.

Бұрынғы қоғам мен қазіргі дәуірдегі адалдық пен арамдықтың аражігін ажыратып беріп тұрған Абай мұрасы қай дәуір



Жыл басында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы жарық көрді. Мемлекет басшысы ұлы ойшылдың 175 жылдығын даңғаз-дұманға айналдырмай, керісінше, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымызға бағыттауымыз қажеттігін атап өтті. Президент өз сөзінде «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Абай мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақтың, халқының төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады.

Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деді. Жалпы алғанда, Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» еңбегі Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен үндес, мұраттас.

Шындығында, қазақтың кейбір керітартпа мінезіне күйінген де, сөйте тұра, өзі жерінен жұртты бар жан-тәнімен сүйген де – Абай. Тоғызыншы қара сөзінде «Осы мен өзім - қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнәшік бой-

үшін де құндылығын жоймақ емес. Хакім әлемі осындай терең түсінікке, рухани кемелденуге шақыруымен маңызды. Оның «Ненің қызығын көп іздесен, соның азабын бір тартарсың» дейтіні бар. Бүгінгі заманның «бүлкілі» де Абай мензеген ақиқаттан алыстаған жоқ. Еңбегін пұлдап дәнiккендер түптің түбінде соның зардабын тартары даусыз. «Бармақ басты, көз қысты» әрекетпен ешкімнің де алысқа бармайтыны белгілі. Оны ақын былайша сипаттайды:

*«...Биік мансап – биік жармат,
Ерінбей еңбектеніп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады...».*

Сыбайластық дейтін кеселден, қисыққыңыр қасиеттерден біздің қоғам әлі де ада-құде арыла қойған жоқ. Абай биік мансапқа адалдықпен жетуге үндейді. Табысқа жеткен соң құр мақтаннан алыс болуға, ел үшін тірлік қылуды айтады. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың».

Ақынның «толық адам» тұжырымдамасы бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Бұл идея әлі де құнды, әлі де зерттеуді талап ететіні анық.

Абай – өзі өмір сүрген және алдағы сан ғасырларды санасына сыйғызған, болашақты болжаған, адам болмысын тұңғыш тереңнен тербеген, рухани даму жолдарын көрсеткен ұлттың ұстазы.

Ұлы Абайдың әдеби мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Біз данышпан Абай көксеген қоғамды қалыптастырсақ, адаспайтынымыз ақиқат.

Дерек-көз: <https://egemen.kz/>

К сведению потребителей услуг

ПРОЦЕДУРУ ПОДКЛЮЧЕНИЯ К ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЮ УПРОСТИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Процедуру подключения физических лиц к электроснабжению упростили в Казахстане, передает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Министерства энергетики РК.

Приказом министра энергетики от 6 февраля 2020 года № 43 "О внесении изменений и дополнений в некоторые приказы министра энергетики Республики Казахстан" (далее – Приказ) внесены некоторые изменения во взаимоотношения между потребителями, энергоснабжающими и энергопередающими организациями.

"Раньше для заключения договора электроснабжения потребителю было необходимо предоставлять в энергоснабжающую организацию девять документов и требовалось физическое присутствие для его подписания. При этом потребитель часть документов получал у энергопередающей организации. Теперь потребитель идет только в энергопередающую организацию и сдает ей семь документов", – говорится в сообщении.

Также изменен порядок получения уведомления о прекращении подачи электрической энергии в случае нарушения потребителем условий договора.

"Здесь необходимо отметить, что вопрос уведомления потребителя с последующим его отключением за задолженность перед энергоснабжающей организацией не является нововведением. Изменился только способ уведомления потребителя об отключении за нарушения условий договора электроснабжения. Данные изменения были необходимы в связи с тем, что ранее для уведомления потребителя было необходимо подтверждение его получения, а также был ограничен выбор способа доставки уведомления – только с квитанцией", – сообщили в Минэнерго.

Отмечается, что все это способствовало увеличению количества недобросовестных потребителей, уклонявшихся от уплаты за потребленную электроэнергию. Как следствие, дебиторская задолженность потребителей перед энергоснабжающими организациями растет с каждым месяцем. Данная ситуация приводит к увеличению дебиторской задолженности энергоснабжающих организаций перед энергопроизводителями и энергопередающими организациями.

Теперь потребители получают возможность получать уведомления о прекращении (ограничении) поставки электрической энергии способами, которые они выберут сами (электронной почтой, факсом, почтовым отправлением, коротким текстовым сообщением, мультимедийным сообщением, через мессенджеры) не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней.

"Условно, человек потребляет электрическую энергию с 1 по 31 января, энергоснабжающая организация выставляет счет за потребленную электрическую энергию до 15 февраля и у потребителя есть время его оплатить до 25 февраля. В случае если потребитель не оплатил счет за электроэнергию до 25 февраля, то энергоснабжающая организация направляет уведомления о необходимости оплаты за потребленную электроэнергию и о том, что в случае неуплаты подача энергии будет отключена через 30 календарных дней со дня получения уведомления", – подчеркнули в ведомстве.

Сообщается, что действие данных правил не распространяется на договорные отношения, возникшие до их введения в действие, то есть, пока потребитель не перезаключит договор данные изменения его не коснутся. При этом договоры электроснабжения перезаключаются после истечения срока действующего договора.



"Важно понимать, что потребителей, еще не подавших заявления о перезаключении договора, будут уведомлять способом, действовавшим на момент заключения договора электроснабжения с ЭСО. Также важным моментом для потребителей, использующих электрическую энергию для бытовых нужд, является то, что сохранились сроки уведомления об отключении", – заключили в ведомстве.

Источник: www.kazpravda.kz

СКВОЗНЯК-РАЗРУШИТЕЛЬ

На железнодорожном вокзале, который масштабно ремонтируют и реконструируют почти на 2 миллиарда тенге вот уже полтора года (с августа 2018 года), рухнуло потолочное покрытие, сообщает портал NUR.KZ.

К счастью, в момент обрушения потолочного покрытия никто не пострадал.

Директор вокзала Багдаулет Жанабаев дал комментарий по поводу случившегося.

«Акт ввода в эксплуатацию вокзала мы не получили. Объект в эксплуатацию еще не введен! Мы впустили пассажиров в здание, где идет ремонт, чтобы они не мерзли на улице под автомобильным мостом.

По причине ремонта люди летом стояли на жаре, осенью – ждали поезда под дождем. К концу года акимат

области попросил нас впустить пассажиров в здание. Мы все знаем, какие суровые зимы в Центральном Казахстане. Мы позволили пассажирам находиться внутри на период ремонта», – говорит Багдаулет Жанабаев.

Директор вокзала пояснил, что двери на вокзале открываются с двух сторон – со стороны перрона и со стороны центрального входа, что создает сильный сквозняк.

«Поток воздуха с двух сторон скопился и начал давить на подвесной потолок. Плитки от давления подпрыгнули и рухнули. Это холодный сквозняк в коридоре. Чтобы это не повторилось, подрядчик сделал наверху специальное перекрытие», – сказал директор вокзала.

Источник: www.nur.kz



Мақсат - бітімгершілік

Заңнамадағы өзгерістер

МЕДИАЦИЯ - ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

2011 жылғы 5 тамызда заңды күшіне енген «Медиация туралы» Заң қабылданып, қолданысқа енді. Осы заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттарымен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Медиация туралы заң қабылданғалы бері аз уақыт ішінде, құқық қорғау саласына сіңе берген сайын, құқықтық республиканың жарқын келешегі жақындай береді.

Медиацияның мақсаты - дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу. Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Медиацияның жылдан-жылға кең жайылып бара жатуының, адамдардың олардың қызметіне көбірек жүгінуінің себептері неде деген заңды сұрақ туындайды. Себебі, медиацияның сот жүйесімен



салыстырғанда бірнеше артықшылықтары бар:

- Медиация процедурасы сотпен салыстырғанда аз уақыт алады;
- Медиатордың қызметі сот қызметіне қарағанда арзанға түседі;
- Тараптардың арасындағы қатынас бұзылмайды;
- Заңды емес, тараптардың мүдделерін ескереді;
- Құпиялық сақталады.

Сонымен қатар, сот өндірісінен оның тағы бір айырмашылығы – медиацияның нәтижесінде «кінәлі» мен «кінәсіз» деген тараптар болмайды. Медиацияның арқасында соттарда қаралатын істердің саны да айтарлықтай азаймақ. Дауларды сотқа жеткізбестен, өзара бітімгершілікпен аяқтау судьяларға жүктемені азайтып қана қоймайды. Сонымен қатар, қоғамда орын алып отырған даулардың шешімін табуға септігін тигізіп, мемлекеттік мекеме атына айтылатын сынды да азайтпақ.

Қорыта келе, «Медиация» азаматтар арасындағы қарым-қатынаста талас-тартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың қарым-қатынас мәдениетінің, этикасының жоғарылауына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне әкеледі деген сенім бар.

Б.А. Адепбеков,
Приозерск қалалық сотының
торағасы

ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ЖАЗА КҮШЕЙТІЛДІ

Елбасымыз 2019 жылдың шілдесінде қаскөй браконьерлерге қатысты жазаны қатаңдатуы тапсырған болатын. Соған байланысты ҚР Қылмыстық кодексіне біршама өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда ҚР Қылмыстық кодексі 339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерін заңсыз қолға түсірсеніз, иемденсезіз, тасымалдасаңыз, немесе жойсаңыз мүлкіңіз тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады, не сегіз жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмысқа тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланасыз.

1-1. Киікті заңсыз қолға түсіру, жою, сол сияқты заңсыз қолға түсірілген киікті немесе оның дериваттарын, оның ішінде мүйіздерін иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Көріп тұрғандай жаза тек қана киікті заңсыз аулап сатқан адамға ғана емес, сонымен қатар оны заңсыз сатып алған, иемденген, сақтаған, өткізген, әкелген, әкеткен адамдарда жазаға тартылады.

Алысқа бармай-ақ жалғыз Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында заңсыз аңшылықпен айналысуға құмар адамдар көптеп кездеседі. Оның бірден бір себебі бұл жерде сирек кездесеті арқар, ақбөкен, қабан, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, борсық, суыр, күзен, көксуыр, ондатрлар, кермаралдар және құстардан дала шілі, қаз, үйрек кездеседі. Бұлардың арасында да сирек кездесетіні аулауға рұқсат берілгендері бар. Ажырата білген маңызды. Себебі ҚР

қылмыстық кодексінің 339 бабында өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерін заңсыз қолға түсірсеніз, иемденсезіз, тасымалдасаңыз, немесе жойсаңыз мүлкіңіз тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады, не сегіз жүз сағатқа дейінгі қоғамдық жұмысқа тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланасыз.



Қазіргі таңда заңсыз аң аулаудың кең етек алуына заңның солқылдығы әсер етіп келген болатын. Заңнаманың кемшіліктері түзелді, орны толды. Ендігі кезекте бұл өзгерістердің жалпы сирек кездестіні немесе жойылып кету қаупі бар өсімдіктермен мен жануарларды қорғауға, браконьерлердің ойлануына, қаскөй пиғылдарының жолын кесуге, олардың санын ұлғайтуға жасалған нақты және дұрыс шешім деп ойлаймын.

Э.А. Жакупова,
Приозерск қалалық сотының
жетекші маманы

КОРОНАВИРУСТЫҢ СИМПТОМДАРЫ ЖӘНЕ АУРУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Жаңа коронавирус (2019-nCoV) тыныс алу жолдарының инфекциясын тудыратын, адамнан адамға берілетіні дәлелденген жұқпалы вирус.

Алғашқыда індет ошағы теңіз өнімдері мен мал базарында анықталды деп хабарланғандықтан, вирус зоонозды инфекция болуы мүмкін деген болжам пайда болды, алайда әлі расталмады.

Атауы вирус вирионының түрі тәжге ұқсайтындықтан, жаңа латын тіліндегі *corona* (күн тәжі) және *viridae* (вирустар) сөздерінің бірігуінен құралған.

2019-nCoV ошағы желтоқсанның ортасында инфекция Қытайдың Ухань қаласында алғаш рет адамнан анықталды. Кейін вирус Қытай құрлығының басқа провинцияларына және Тайланд, Жапония, Тайуан, Оңтүстік Корея, Аустралия, Франция және Құрама Штаттарына таралды.

2020 жылдың 30 қаңтарындағы дерекке сәйкес әлем бойынша 17486 адам вирус жұқтырғаны белгілі, оның 17300 Қытай құрлығынан Қытайдан тыс жұқтырғандар Уханьда болған, не сол өңірде болған адаммен тікелей байланысқа түскен Әзірге белгілі мәлімет бойынша барлығы 361 адам көз жұмған.

2019-nCoV коронавирусының белгілері пневмония не ауыр жіті респираторлы синдром белгілеріне ұқсас:

- 90% жағдайда қызба мен дене қызымының көтерілуі (38°C не одан жоғары, қалтырау)
- 80% жағдайда жалпы әлсіздік пен құрғақ жөтел
- тыныс алудың қиындауы
- тыныс жетіспеушілігі
- есінен тану (өкпе тінінің үдемелі зақымдануынан)
- кеуде тұсындағы ауырсыну сезімі

- бас ауыруы
- миалгия

Кеуде торы рентгенографиясында екі өкпенің бірдей зақымдалуын көруге болады.

Инкубациялық кезең 6-14 күнге созылады.

Вирустың адамнан адамға берілетіні анықталып, дәлелденді.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2019-nCoV коронавирусын жұқтыру қаупін төмендету үшін қажет ұсынымдар жариялады:

- қолды жиі сабынмен не спиртті ерітінділермен жуу;
- жөтелгенде не түшкіргенде ауыз бен мұрынды білекпен не мағамен жабу;
- дене қызымы бар не жөтелген адаммен қатты жақындаспау;
- Дене температурасы бар адамдарға қоғамдық орындарға бармау және

Қатерлі вирус

медициналық көмекке уақытылы жүгіну қажет, сондай-ақ жіті респираторлық инфекция симптомдары бар адамдар жөтелу әдебін сақтауы қажет (қашықтықты сақтаңыз, жөтелгенде және түшкіргенде ауызды бір рет қолданатын орамалдармен немесе киіммен жабыңыз және қолды жуыңыз).

шикі не толық піспеген жануартекті өнімдерді тұтынбау.

Күн сайын ылғалды жинауды жүргізу
Үй-жайды күніне кемінде 2 рет желдету;

Жеке ыдысты, жеке гигиена құралдарын (орамал, сабын, тіс пастасы, қырыну құралдары және т.б.) пайдалану;

Дәл қазір вирусқа қарсы арнайы ем жоқ, алайда бұрыннан бар вирусқа қарсы препараттар негізінде шығарылуы мүмкін.

А.К.Кутжанова,
Приозерск қаласының орталық
ауруханасы эпидемиолог дәрігері

Праздник "Көрісу"

В Казахстане планируют учредить новый праздник – Көрісу күні - в преддверии Наурыз мейрамы. Об этом на пресс-конференции в Службе центральных коммуникаций при Президенте РК сообщил вице-министр информации и общественного развития РК Габидулла Оспанкулов, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"На данный момент в НПА проходит согласование в госорганах по этому вопросу. В ближайшее время возможно будет решение Правительства отмечать Көрісу күні 14 марта", – сказал Оспанкулов.

Вице-министр также отметил, что данная традиция очень ярко выражена на западе Казахстана.

"Там отмечают, но нельзя забывать о том, что это общая казахская традиция, по которой в каждом регионе после "зимовки"

НОВОЮ КОНЦЕПЦИЮ ПРАЗДНОВАНИЯ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ МОГУТ ВВЕСТИ В КАЗАХСТАНЕ

люди друг друга видят и интересуются, как пережили зиму. Это добрая, народная традиция, и она есть везде. Нельзя делить запад, восток, север, юг", – заявил Оспанкулов.



кулов.

Более того, предложение основывается на внедрении единости празднования Наурыза.

"То, что сегодня предложено, и то, что мы говорим, что это новый формат – на самом деле ежегодно регионами проводятся эти мероприятия. Речь идет о систематизации формата. В этом году данный формат идет как рекомендация. В последующие годы мы будем дальше

рассматривать", – резюмировал вице-министр.

Отметим, что по традиции, сложившейся веками, Наурыз на полуостров Мангистау приходит 14 марта. Местные жители называют его Амал. Казахстанцы еще только готовятся к встрече Наурыза, а жители Мангистауской области уже отмечают этот праздник весны и обновления.

Такой обычай сложился многие века назад: представители младшего жуза праздновали Наурыз раньше, то есть 14 марта, затем направлялись к людям среднего и старшего жузов, чтобы поздравить, и как раз успевали к 21 марта.

Обязательной традицией в эти дни является "көрісу" - рукопожатие, когда младшие идут в дом старших, приветствуя их за руки и прося благословения у аксакалов в начале нового года.

Источник: www.kazpravda.kz

САРЫАРҚА САҢЛАҒЫ

Қарағанды облысында «Сарыарқа саңлағы» атты жастар жобасы басталды. Осы жоба аясында облыстың барлық білім беру ұйымдарында ай сайын пікірсайыс турнирлері мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылуды.



Пікірталас тақырыбын ұйымдастыру комитеті айтулы күндерді мерекелеу шеңберінде бекітеді. Биыл дебаттық турнирлер циклі Абай Құнанбаев пен Әл-Фарабидің, сондай-ақ басқа да көрнекті ойшылдардың, қазақ халқының қоғам қайраткерлерінің шығармашылық мұрасына арналады. Жоба жастардың рухани-адамгершілік дамуына, олардың білім сабақтастығы мен жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Аталған «Сарыарқа саңлағы» облыстық жобасының екінші кезеңі үстіміздегі жылдың 10-қаңтарында Приозерск қаласының №2 ЖОББМ КМ-

де де өткізілді. Мектепшілік кезеңдегі пікірталастың тақырыбы – «Мектеп бағдарламасына М. Әуезовтің «Абай жолы» романын меңгертетін факультатив сабағын енгізу қажет пе?» Бұл сайысқа 8-сынып оқушылары қатысып, өздерінің өте жақсы дайындықпен келгенін көрсетті. Әрбір топтың спикерлері өз ұстанымдарын нақты дәлелдермен келтіре отырып, ойларын еркін жеткізе білді. Шараға педагогикалық еңбек ардагерлері, дебаттық турнирлердің сарапшылары, мектеп оқушылары, директорлары мен орынбасарлары шақырылды. Барлық команда мүшелері сөз сөйлегеннен кейін, залдан келген әрбір адам берілген тақырып бойынша өз пікірлерімен бөлісуге мүмкіндік алды.

Мадина Маликова, Приозерск қаласының №2 ЖОББМ КМ мұғалімі



БЕЛСІЗДІК ПЕН БЕДЕУЛІКТІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ ҚАНДАЙ?

Бедеулік – жалпы кең таралған құбылыс. Ешқандай ұрық бітірмейтін құрал қолдайбай жыл бойы бала жасай алмағандар бедеу жұп боп саналады. Бедеулік себебін анықтаудың бірінші қадамы – біздің әйелдер консультациясында екі жұпты толық медициналық зерттеп-қарау. Сарапшылардың бағалауы бойынша, әйелдер бедеулігіне бедеулік жағдайының 40% ғана кінәлауға болады, себебі еркектер бедеулігі барлық бедеулік жағдайының 40% - 50% жағдайын құрайды. Әйелдер бедеулігі арасындағы ең көп тараған себептері: жатыр түтікшесінің бітелуі (фаллопиялық), ұрықтану және эндометриоздың бұзылуы.

Бедеуліктің екі түрі бар: туа біткен және жүре пайда болған. Іштен туа біткен бедеулікке жатыр түтігінің бітелуі, жыныс мүшелерінің, жатырдың жетілмей тууы басты себеп. Жүре пайда болған бедеулік әртүрлі ауруларға, салауатты өмір салтын сақтамауға байланысты туындайды. Негізгі себептердің бірі жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды жастайынан жыныстық қатынасқа түсіп жұқтыру, артынан түсік жасату болып келеді.

Бедеулік пен белсіздіктің себептері: ішімдік ішу, темекі тарту, есірткі қолдану, ерте, бей-берекет жыныстық қатынасқа түсу, экологияның әсері, қатты қысатын киім кию, саунаға жиі бару, спорт жаттығуларымен артық шұғылдандулар да бедеулікке алып келетіні айтылып жүр.

Бедеуліктің белең алып бара жатқаны қазір күллі дүние жүзін алаңдатып отыр. Ұрпақ өрбіту жасындағы ұл-қыздарымыздың белсіздік пен бедеулікке шығуы біздің ұлттың да басты демографиялық трагедиясына айналғалы қашан. Бүгінде Қазақстанда жанадан отау құрған отбасылардың 15 пайызы «бедеу» деген ауыр дертті арқалап жүр. Жалпы алғанда, республика бойынша 14 мың әйел бедеу, мыңнан астам еркек – белсіз...

Әлемде қанша жұп бедеулікке шалдыққаны туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ең соңғы мәліметі осыдан бес жыл бұрын жарияланған екен. Онда 50

миллионға жуық адам осы кеселге ұшырағаны айтылған. Ал қазір бұл сан, сөз жоқ, өскені анық. Бірақ аталған ұйым бедеуліктің санымен емес, оның себеп-салдарымен күресіп әлек. Әлемнің белгілі ғалым-сарапшылары да бедеулік мәселесінің дәл қазіргі заманда нәліктен өршіп кеткені туралы әртүрлі болжамдар айтуда. Ғаламтордағы мәліметке сүйенсек, бедеулік пен белсіздіктің белең алуына тамақтану үрдісінің өзгеруі мен экологиялық факторлар көп әсер етіп жатыр. Қазір күнделікті тұтынып жүрген тағамдарымыз табиғи құрамынан баяғыда алыстап кетті. Ас-суымызда небір бояғыштар, дәм күшейткіштер, химиялық қоспалар көбейді. Содан кейін адамзаттың



бөлінбес бөлшегіне айналған микро-толқынды пештер, компьютер, ұялы телефондар да бедеулікті асқындырып жіберген. Сондықтан ғалымдар ұялы телефонды қалтаға жақын ұстамау, қуат көзі 5 пайыздан төмендегенде оны қолданбауға кеңес береді.

Адам қимыл-қозғалысының азаюы да бедеуліктің негізгі себебі. Кембридж университетінің бір профессоры: «Қазіргі заманда әйелдердің арасында бедеуліктің жиілеуі олардың аналық емес, материалдық, мансаптық құндылықтарды жоғары қоюынан болып отыр. Себебі әйелдердің қан айналымы жатырға емес, миға кетіп жатыр», дейді. Сондықтан бала туу жасындағы әйелдер алдымен мансапты емес, ана болуды алдыңғы кезекке қойғаны жөн.

Э.Н.Мырзахметова, Приозерск қаласының орталық ауруханасы акушер-гинеколог дәрігері

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, саулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ЗАЩИТИТЕ СЕБЯ ОТ ПАРЕНТЕРАЛЬНОГО ВИРУСНОГО ГЕПАТИТА!

Парентеральные вирусные гепатиты – группа заболеваний человека вирусного происхождения с заражением через поврежденные кожные покровы и слизистые оболочки, относящихся к числу повсеместно распространенных болезней и занимающих одно из ведущих мест в инфекционной патологии человека.

Источником инфекции являются больные острыми и хроническими формами заболевания, а так же так называемые «здоровые» носители. Заразность источника инфекции определяется активностью патологического процесса в печени, концентрацией вируса в крови.

Механизм передачи. Выделение вируса определяет множественность путей передачи инфекции (кровь, слюна, моча, желчь, слезы, грудное молоко, сперма и др.).

Меры профилактики и защиты.

В комплексе профилактических мероприятий первостепенное значение имеют меры, направленные на предупреждение заражений при переливаниях крови и проведении лечебно-диагностических парентеральных манипуляций. Учитывая

многообразие путей передачи вируса гепатита В и большое число источников инфекции, самым эффективным методом предупреждения является - вакцинация против вирусного гепатита В. Именно она является единственным средством профилактики гепатита В у новорожденных. Это первая вакцина, которая предотвращает раковое заболевание печени. Прививкам подлежат дети, подростки и взрослые согласно национальному календарю прививок РК.

Привиться против вирусного гепатита В можно в лечебном учреждении по месту жительства или работы, на здравпунктах предприятий, фельдшерско-акушерских пунктах.

Проведенная в сроки вакцинации даёт надёжную защиту от заражения вирусным гепатитом В. Если в силу каких-либо обстоятельств повторные прививки не были сделаны в рекомендуемые сроки, врачом назначается индивидуальная схема иммунизации.

Приозерское городское управление Контроля качества и безопасности товаров и услуг.

ПРОФИЛАКТИКА ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Онкология – актуальная проблема человечества. Ежегодно число случаев заболевания раком возрастает в геометрической прогрессии. Гарантированные способы избежать онкологии медицине неизвестны. Однако профилактика онкозаболеваний – необходимая мера, которая под силу человеку. Благодаря несложным правилам возрастает шанс предупредить болезнь, либо же своевременно начать лечение без больших потерь, не доводить ситуацию до крайности.

Причины развития онкологии

Действие канцерогенов, снижение иммунитета, стрессовые ситуации, вирусы и бактерии, вредные привычки.

Основные этапы профилактики

Для более эффективного оказания медицинской помощи и предупреждения развития заболеваний определены три основных этапа профилактических мероприятий:

Первичная профилактика – включает в себя ведение здорового образа жизни и исключение вредных привычек.

Вторичная профилактика – заключается в наблюдении за лицами групп риска



по развитию той или иной опухоли, а также лечению и своевременной диагностике предраковых состояний и ранних форм рака.

Третичная профилактика – касается больных, перенесших лечение злокачественных опухолей, состоит она в предупреждении рецидивов и метастазирования новообразований, а также вероятности появления других форм опухолей у излеченных пациентов.

Позаботьтесь о своем здоровье – своевременно пройдите скрининг!

Приозерское городское управление контроля качества и безопасности товаров и услуг

ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылғы «Тегін заңгерлік кеңестер. Құқықтық сауаттылық» тақырыбы бойынша республикалық науқаны.

Тегін заңгерлік кеңестер, проблемалық банктік неселер, және қарыздар мен басқа да құқықтық мәселелерден туындаған сот ісін жүргізуге байланысты мәселелерді шешу үшін «Сарыарқа» заң кеңесшілерінің құқықтық орталығы қоғамдық бірлестігіне жүгініңіздер. Whatsapp-қа:

87027014429 (қазақ тілінде)

87018709889, 87019879889 (орыс тілінде) телефондары арқылы хабарласуға болады.

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Республиканская акция «**Бесплатные юридические консультации. Правовая грамотность**» по Казахстану на 2020 год.

По вопросу **бесплатных юридических консультации** по проблемным банковским кредитам и решению проблем по исполнительному производству, возникшему из-за долгов и другим правовым вопросам можете обращаться по номерам WhatsApp:

87027014429 (на государственном языке)

87018709889, 87019879889 (на русском языке)

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2020 жылдың 4 наурызында

"Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ Балхаш көшесі, 5 үй мекен-жайы бойынша «**Ашық есік күні**» өтетіндігін хабарлаймыз.

Іс-шара аясында, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін (түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін), барлық ниет білдіргендерге мемлекеттік қызметтүрлері бойынша кеңестер беріледі.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

4 марта 2020 года в ГУ "Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск" состоится «**День открытых дверей**» по адресу ул. Балхашская д. 5.

В рамках мероприятия с 9.00 час. до 17.30 час. (с перерывом на обед с 13.00 час. до 14.30 час.) всем желающим будет оказана консультация по вопросам оказания государственных услуг.

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Акт на землю № 017566175 от 23.05.2014 года и Договор об аренде земельного участка №54 от 06.05.2014 года, выданные на имя **Трифоновой Натальи Викторовны**. тел.8(771)106-29-41

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти **Кенжетаева Аманжол Асылхановича**, умершего 30 сентября 2019 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу **Ахметову Р.Б.**, по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1-Б, тел: 8(775)162-70-05

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Занесъ по телефону: мастера-парикмахеры: **8-775-274-25-87 (Анталій)** **8-747-970-25-81 (Карлыгаш).** **На маникюр:** **8-708-235-35-19 (Анастасия)**

Парикмахерская **Милолика**

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 09/653. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: **Кенжебеков Б.А.**
Технический редактор: **Струментов А.В.**
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.